

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті

# СӨЖ

Тақырыбы: «Бәсеңдеп дамидын вирустық инфекциялар қоздырғыштары. Приондар - бәсеңдеп дамидын инфекция қоздырғыштары.»

Орындаған: Сейтова Г.М

219 топ ЖМФ

Тексерген: Айтжанова Г.А.

Қарағанды 2013 ж

## **Жоспар**

### **I.Кіріспе**

### **II.Негізгі бөлім**

- 1. Баяу вирусты инфекциялар қозырғыштары.**
- 2. Прионды аурулар.**
- 3. Патогенезі.**
- 4. Клиникалық белгілері.**
- 5. Куру**
- 6. Крейтцфельд-Якоб ауруы**
- 7. Диагностикасы.**

### **III.Қорытынды**

# Кіріспе

Баяу инфекция — инфекциялық патологияның өзгеше бір түрі. Оның ерекшеліктеріне вирустың организмде ұзақ сақталуы, аурудың жасырын мерзімінің ұзақтығы және сылбыр өтуі, алғашқы кездердегі клиникалық белгілерінің анықсыздығы жатады және міндетті түрде өліммен аяқталады. Ауру қоздырғышының түріне сай баяу инфекция екіге бөлінеді. Бірінші топқа ДНҚ және РНҚ-ды вирустар туғызатын 14 аурулар жатады. Олардың ішінде құтыру, СПИД, жасөспірімдердің склероздаушы панэнцефалиті, лимфоцитарлық хориоменингит т. б. бар. Екінші топқа приондар туғызатын трансмиссивті кеуекті энцефалопатиялар жатады. Олардың ішінде ең көп зерттелгендері куру, скрепи, Крейтцфельда-Якоб аурулары.

## **Баяу вирусты инфекциялар қозырғыштары.**

Баяу вирусты инфекциялардың қоздырғыштары кейде вирустар бола алады (қызылша, қызамық т.б.). Мысалы: қызылша вирусы жеделасты склерозды панэнцефалитті (ЖаСПЭ), қызамық вирусы өршитін туа пайда болған қызамық және өршитін қызамықты панэнцефалитті тудырады. Баяу дамидын инфекцияның патогенезінің негізінде вирустың персистенциясы (ағзада ұзақ болуы) және оның жасуша мен тінге зақымдаушы әсері жатыр.

Баяу вирусты инфекциялар тек әдеттегі вирустардың (қызылша, қызамық т.б.) әсерінен ғана емес, сонымен қатар жұқпалы ақуыздық бөлшектер - приондардың әсері нәтижесінде де дамуы мүмкін.

## Прионды аурулар.

Бұл аурулардың қоздырғыштары - приондар -олар әдеттегі вирустардан бірқатар қасиеттерімен ажыратылады. Приондар 30кД ретті төмен молекулалық массасы бар жұқпалы ақуыздар, нуклеин қышқылдары жоқ, қабынуды және иммундық жауапты тудырмайды, жоғарғы температураға, формальдегидке, глутаральдегидке, бетта проаиолактонға, сәулеленудің әртүрлі түрлеріне тұрақты. Прион ақуызы ағза-иесінің гендерімен кодталады, олар болжамды түрде әрбір жасушада болады деп саналады және репрессивті (басылыңқы) жағдайда орналасады. Приондар әдеттегі вирустарға тән бірқатар қасиеттерге ие: олардың көлемі ультрамикроскопиялық болады, сондықтан олар бактериалдық сүзгіден өтеді, жасанды қоректік орталарда өспейді, тек кана жасушаларда жоғарғы титрге дейін көбейеді, штамдық айырмашылықтары бар және т.б.

## Патогенезі.

Приондармен зақымдану ағзаға (тағаммен, немесе кейбір тіндерді трансплантациялағанда) изопішінді (бірпішінді) прионның ақуыздық молекуласының енуі нәтижесінде жүреді. Олар ауру ауыл шаруашылық жануарларынан (ірі қара мал, қой т.б.), шала піскен еттен, ішек-қарыннан немесе өлген туыскандарының миын жейтін дәстүрлі каннибализм (Жана Гвиннеядағы аборигендердің өлген тайпа мүшесінің құрметі үшін) кезінде адамдардан түсуі мүмкін. Прионның изопішіндері ағзаға еніп, прионның синтезін кодтайтын генді депрессиялайды (белсендіреді) деп болжайды, соның нәтижесінде жасушаларда приондардың жиналуы байқалады, ол губка тәрізді айналуына, глиалды жасушалардың өсіп көбеюіне, милық амилоидтың, жинақталуына әкеледі. Орталық жүйке жүйесінің жасушаларының зақымдалуы өзіне тән клиникалық белгілерді тудырады, оны жедел асты губка тәрізді энцефалопатия деп атайды,

## **Клиникалық белгілері.**

Қазіргі уақытта 10-нан астам. приондық аурулар белгілі. Бұлар адам аурулары - куру, Крейтцфельд-Якоб, Гортсман-Штруслер синдромы, жанұялық фаталды уйқысыздық, сонымен қоса жануарлар аурулары - қойларда скрепи, ірі қара малда, мысықта -губка тәріздес энцефалопатия, қара күзендерде-трансмиссиялық энцефалопатия. Приондық аурулардың жасырын кезеңі бірнеше жылға созылады (15-30 жыл).

# Куру

Куру (дірілдеу сөзінен шыққан-Жаңа Гвинея аралындағы палуастардың тілінде ауру осылай аталады, қорыққаннан, не суықтан дірілдеуді білдіреді. Бұл ауруда орталық жүйке жүйесі зақымдануының нәтижесінде қимыл-қозғалыс, жүрістің бұзылыстары, калшылдау, эйфория («күлу өлімі») дамиды.





## Крейтцфельд-Якоб ауруы

*Крейтцфельд-Якоб ауруы* - сирек кездесетін ауру, бірақ жер шарының барлық мемлекеттерінде кездеседі. Деменция (ақыл-ес кемдігі) және қимыл-қозғалыстың бұзылуымен өтіп, нәтижесі-өлімге әкеледі. Аурудың жұғуы шала піскен етті жегенде, губка тәріздес энцефалопатиямен ауырған қой және сиырдың («сиыр қуруы» ауруы) миын жегенде, сонымен қатар шикі устрица мен моллюскаларды жегенде болады. Приондармен зақымдану көздің мүйізді қабығын алмастырғанда, жануар текті дәрілік препараттарды (гормондарды) қолданғанда, нейрохирургиялық операцияларда болған жағдайлары белгілі, себебі құрал-жабдықтарды қайнату, сәулелерді әрқилы түрлерімен, формалин мен спиртпен стерилизациялау қоздырғышты толығымен жоймайды (инактивацияламайды). Сондықтан құрал-жабдықтарды стерилизациялауды автоклавтаумен (6,7 атм 1 сағ), 5% калий гипохлоридімен немесе 0,1N NaOH ерітінділерімен өңдеуді жүргізу тағайындалады.



## **Диагностикасы.**

Клиникалық белгілері мен эпидемиологиялық мәліметтеріне негізделген. Вирусологиялық диагностикасы, арнайы сақтандыру мен емдеуі өңделмеген. Бейспецификалық сақтандыру ауыл-шаруашылық малдарын сақтандыру үшін ауру малдарды жоюға негізделген.

## Пайдаланылган әдебиеттер

1. Зуев В.А., Завалишин И.А., Ройхель В.М. Прионные болезни человека и животных. Руководство для врачей. М.: Медицина; 1999.
2. Завалишин И.А., Адарчева Л.С., Ройхель В.М., Фомина Г.И., Кондакова Л.И., Соболев С.Г., Погодина В.В. Синдром Герстманна-Штреусслера: новые возможности диагностики. Журн невропатол и психиатр 1995; 1:58-63.
3. Коротяев А.И., Бабичев С.А. Медицинская микробиология, иммунология и вирусология. 1998г.
4. И.А. Завалишин, И.Е. Шитикова, Т.Д. Жученко; Научно-исследовательский институт неврологии РАМН, Москва; Клиническая микробиология и антимикробная терапия, 2 том, №2, 2000



Назар аударғандарыңызға рахмет !